

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 17 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жекеше секторға және экономиканы неғұрлым орнықты қалпына келтіруге негізделген даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Ағымдағы жылдың 2 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 345,7 миллион еуро сомасындағы Қарыз туралы келісімге 24 тамызда қол қойылған болатын.

Қарыз толығымен бюджет тапшылығын қаржыландыруға бағытталады. Атап айтсақ, қаражат республикалық бюджетте көзделген әлеуметтік және басқа да мақсаттарға арналған шығыстарды жабуға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік банктің қарызы Қазақстан Республикасына 11,5 жылға беріледі. Оның ішінде 2,5 жылға жеңілдік көзделген.

Сыйақы ставкасы Еурибор және өзгермелі спредтен тұрады. Біржолғы комиссия да, игерілмеген қарыз қалдығына есептелген резервтік комиссия да 0,25 пайызды құрайды.

Қарызға қызмет көрсету және оны өтеу келісімде белгіленген қаржылық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Қаралып отырған қарыз туралы келісімнің жобасын мен жалпы қолдаймын. Бұл белгілі бір дәрежеде бюджет тапшылығын жабуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл қарыз елдің оны ұтымды пайдалану және қайтару жөніндегі жауапкершілігін айқындайтын болғандықтан тәуекелдерді бағалау керек деп есептейміз.

Ерұлан Кенжебекұлы, осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын.

Первый вопрос. По оценкам Национального Банка, внешний долг Казахстана постоянно растет. За последние три года он вырос более чем на 6 миллиардов долларов и по состоянию на 1 января 2022 года составил свыше 165 миллиардов долларов.

По линии международных финансовых организаций основной долг по состоянию на сентябрь 2022 года составляет 6,3 миллиарда долларов, или 33 процента от всего объема займов, начиная с 1998 года. За пять лет расходы на обслуживание государственного долга вырастут в три раза. Долг Правительства уже достиг 20 триллионов тенге. В 2023 году эта сумма вырастет еще на 3,2 триллиона тенге. То есть можно заключить, что контроль за долгом утерян, а это уже вопрос экономической безопасности страны.

Стоимость заимствований, их целесообразность, пусть на длительный срок и по льготным условиям, влияние на экономику вызывают много вопросов и требуют анализа.

Между тем заключение Министерства финансов по прогнозу последствий – это пересказ основных положений соглашения и вывод, что принятие законопроекта не повлечет отрицательных последствий. Похоже, мы должны этому поверить.

В этой связи вопрос: проводились ли прогнозно-аналитические исследования по обоснованию соглашения согласно Концепции по управлению государственным и валовым внешним долгом, утвержденной Указом Президента от 29 декабря 2006 года, суть которой – установление процедур мониторинга государственного долга, отслеживание и контроль процессов формирования, изменения и обслуживания долга?

Второй вопрос. Соглашением определяется участие в процессах заимствования квазигоссектора. В целях регулирования этого вопроса есть приказ Министра национальной экономики от 18 апреля 2018 года «Об утверждении Правил определения предельного объема внешнего долга квазигосударственного сектора и Перечня субъектов квазигосударственного сектора, в отношении которых определяется предельный объем

внешнего долга». Многообещающий в целом нормативный правовой документ. Однако не секрет, что практически вся информация о деятельности субъектов квазигосударственного сектора, особенно по финансовым делам, находится за семью печатями.

В этой связи вопрос: в какой мере на практике Правительству, Министерству национальной экономики, Министерству финансов удастся реализовать эти ограничительные меры?

Есть еще ряд вопросов, которые мы обсудим при рассмотрении Налогового кодекса.

Пожалуйста, прошу ответить на эти вопросы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Еділ Құламқадырұлы, өте маңызды сұрақтарды көтеріп отырсыз.

Бірінші сұрақ бойынша. Жалпы, қарыздарды шеттен алғанда оның бәрі жеткілікті сараптаудан, талдаудан өтеді. Мысалы, осы қарызды Дүниежүзілік банкпен талқылағаннан бері екі жылға жуық уақыт өтті. Осы кездің өзінде бұл қарыздың қаншалықты тиімділігі барын, қандай реформалардың жүзеге асырылып жатқанын көрсетті. Бұндай қарыздар тегін беріліп жатқан жоқ. Білесіздер, бұндай жеңілдікпен беріліп жатқан қарызға олар жоғары талап қояды, мысалы, реформалар жүзеге асырылып жатыр ма, нарықтық экономикадағы барлық көрсеткіштер сақталып отыр ма, экономикалық өсім бар ма дегендей. Соның бәріне жауап ретінде олар осындай жеңілдікпен бізге қарыз береді. Бұл қарыз мөлшерлемесі нарықтан екі есе арзан ставкамен беріліп отыр. Бұны бәріміз түсінуіміз керек. Алдымен салалық мемлекеттік органдар талқылайды, содан кейін Үкіметте арнайы құрылған координациялық кеңесте Премьер-Министрдің қарауымен өтеді. Сол жерде сараптап, қаншалықты мақсатқа сай екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана келісімшартқа қол қойып, ратификациядан өтеді. Бұл үлкен әрі қажырлы процесс.

Өзіңіз дұрыс айтып отырсыз, бұрын 2006 жылы қабылданған концепция болған, енді биыл біз ол концепцияны жаңартып, жалпы, экономикадағы мемлекеттік қаржыны басқару концепциясын қабылдадық. Бұл жерде координациялық кеңестің де жұмысы күшейтіліп отыр және сіз айтып отырған Ұлттық экономика министрлігінің де, Қаржы министрлігінің де рөлі артып отыр, яғни осындай қарыздарды дұрыс сараптамадан өткізіп, дер кезінде игеріп, тиімділігін арттыру бойынша.

Екінші сұрақ бойынша. Квазимемлекеттік сектордың қарызы туралы мәселе өте дұрыс көтеріліп отыр. 2018 жылға дейін олардың қарызы жыл сайын өсіп отырған болатын, содан кейін біз бұның концепциясын өзгерттік. Қазір кез келген квазимемлекеттік сектор сырттан қарыз алғысы келсе арнайы комиссияға шығарады. Ол комиссияда оның қаншалықты қажеттілігі бары, қаншалықты тиімділігі бары, экономикаға қандай әсері бары зерттеледі.

2018 жылдан бері біз бұндай қарыздардың көлемін 8 миллиард АҚШ долларына дейін төмендеттік. Өздеріңіз білесіздер, кеше «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның баспасөз конференциясы болды, сол жерде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-

ның өзі сыртқы қарыздарын екі есеге азайтқаны жөнінде айтылды. Бұл осы комиссия жұмысының тиімділігін көрсетеді. Әрине, олардың өздерінің корпоративтік басқару директорлары бар, кеңестері бар, басқармалары бар, дегенмен олар Үкіметке келіп сондай қарыздарын қорғау керек. Біз осы бағытта тиімділікті барынша арттыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы 345 миллион 700 мың еуро сомасындағы Қарыз туралы келісімге ағымдағы жылғы 24 тамызда Астана қаласында қол қойылды.

Осы келісімнің негізгі ережелері туралы баяндамашы өз сөзінде айтып өтті.

Біз қарайтын заң жобасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту және республикалық бюджет тапшылығын толық қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін қолдауға бағытталған.

Атап өткен жөн, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі Қазақстанға жеңілдетілген шарттармен қарыз берді, бұл Қазақстанға деген сенімгерлік ілтипатын білдіреді.

Аталған халықаралық қаржы ұйымы тарапынан қабылданған мұндай шаралар көптеген жылдар бойғы тығыз ынтымақтастықтың жемісі болып табылады, нәтижесінде бірқатар жобалар іске асырылды. Мәселен, осы келісімнің қосымшасында бәсекеге қабілетті экономиканы қолдау және одан әрі экономикалық даму үшін жағдай жасаған қазақстандық заңнамаға оң баға берілді.

Әлемдік қоғамдастық алдында беделді халықаралық қаржы институттарымен жақсы әріптестік қарым-қатынастар Қазақстанның имиджіне оң әсер етеді, экономиканың дамуын ынталандырады, халықаралық интеграцияның кеңеюіне әкеп соғады және шетелдік инвестициялардың келуіне ықпал етеді деп санаймыз. Сондықтан Қазақстанға берілген қарыз қазіргі қалыптасқан жағдайда өте өзекті.

Құрметті әріптестер, Сенаттың тұрақты комитеттерінен бұл заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жекеше секторға және экономиканы неғұрлым орнықты қалпына келтіруге негізделген даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекеттің сырттан тартылатын қарыздары мен несиелерінің экономиканы дамытуға және инвестиция тарту мақсатында алынатыны белгілі. Бұл шаралар сырттан қарыз алу көлемін арттыруды ғана емес, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және оны дамытуға тиіс.

Ол туралы айтылған «кредит пен займ түрінде тартылған шетелдік инвестицияны экономиканың нақты секторларында пайдалану, кез келген елде өзінің оңды нәтижесін береді және экономикалық дамуды қамтамасыз етеді» деген ғылыми негіздер де баршылық. Алайда егер сырттан келген қаражат мемлекеттің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ете алмайтын болса, ол тек қана сыртқы қарыздың үнемі жоғары қарқында өсе беруіне және болашақта оны өтеуге байланысты күрделі проблемалардың туындауына әкеліп соғатыны белгілі. Осы орайда қарыздарды тарту тәжірибесін жалғастыра отырып, Үкімет мемлекеттік қарыздардың өсуін және оған қызмет көрсету шығындарын тежеп отырудың маңыздылығын ескеруі қажет.

Сөйтсе де сыртқы қарыздардың елдің экономикалық қауіпсіздігіне әсер ететін басты қатерлердің қатарында саналғанымен әлемнің көптеген дамыған елдерінің тәжірибесіне айналған қатынастарға біржақты қарауға болмайтыны да анық.

Келісімде қарыз қаражаты 2,5 пайыз жеңілдікпен 11,5 жыл өтеу мерзіміне берілетіні және тартылатын қарызға қызмет көрсету Қаржы министрлігіне жүктелетіні белгіленген.

Тартылатын қарыз қаражаты белгіленген бюджет тапшылығы жағдайында өте маңызды, қаражат мемлекеттің әлеуметтік және басқа да басым мақсаттарына бағытталған бюджет шығыстарын қолдауға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, аталған заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жекеше секторға және экономиканы неғұрлым орнықты қалпына келтіруге негізделген даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық

ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Василенко Роман Юрьевичке беріледі.

ВАСИЛЕНКО Р.Ю. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Заң жобасының мақсаты осы келісімнің күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу болып табылады. Өз кезегінде осы келісімді ратификациялау Қазақстанға және Швейцарияға дипломатиялық өкілдіктерінің, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктерінің, сондай-ақ консулдық мекемелері қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне екі мемлекеттің аумақтарында ақылы еңбек қызметін жүзеге асыруына байланысты мәселелерді өзара негізде шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Швейцария Қазақстанның Еуропадағы негізгі саяси, сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болып табылады. Осы келісімді ратификациялау елдер арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға оң әсерін тигізеді, сондай-ақ өз елдерінің дипломатиялық қызметінде жұмыс атқару үшін шетелге жолданатын Қазақстан мен Швейцарияның дипломатиялық қызметтері персоналының отбасы мүшелеріне қолайлы жағдай жасайды деп күтілуде.

Қазақстан бүгінгі таңда Швейцариядан басқа тек АҚШ-пен осындай халықаралық шарт жасасты. Алайда АҚШ-пен аталған мәселе 1996 жылы ноталар алмасу түрінде жасасқан.

Мұндай келісімдерді жасау әлемдік тәжірибеде кең тараған, әсіресе еуропалық елдер арасында. Қазіргі уақытта қазақстандық тарап осындай келісім жобалары бойынша Франция, Испания, Германия, Португалия, Бельгия және Нидерландпен келісу процесін жүргізуде.

Келісімнің ережелері шетелдік өкілдіктеріміздің дипломатиялық қызметкерлеріне ғана емес, сондай-ақ әкімшілік және техникалық персоналға да қатысты.

Швейцариядағы қазақстандық дипломатиялық өкілдіктер қызметкерлерінің санына келетін болсақ, ол келесідей:

Қазақстанның Берндегі елшілігінде 7 қызметкер;

Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымы кеңсесі жанындағы тұрақты өкілдігінде 19 қызметкер.

Сондай-ақ жақын арада Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымы жанындағы тұрақты өкілдігі ашылады, оның штат саны жеті қызметкерді құрайды.

Өз кезегінде Астанадағы Швейцарияның елшілігінде және Алматыдағы бас консулдығында сәйкесінше үш және екі қызметкер жұмыс істейді.

Салық салу мәселелеріне келетін болсақ, ақылы еңбек қызметін жүзеге асыратын отбасы мүшесіне қабылдаушы мемлекеттің заңнамасы қолданылады. Сонымен қатар 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға сәйкес ақылы жұмыстан түскен табысқа тек қабылдаушы мемлекетте салық салынады.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды және республикалық бюджеттен қосымша қаржы ресурстарын бөлуді талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Роман Юрьевич! Атап өтілгендей, келісім бойынша Қазақстан мен Швейцария аумақтарындағы елшіліктер мен өзге өкілдіктер қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне ақылы қызметпен айналысуға мүмкіндік беріледі. Бұл қызмет шетелдік жұмыс күшіне квотадан тыс шешіледі және мұндай кезеңде отбасы мүшелерінің барлық артықшылықтары мен иммунитеттері тоқтатылады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Бірінші. Ұлттық заңнаманы ратификацияланатын келісімге сәйкес келтіру қажет пе, жоқ па? Заң жобасының материалдарында бұл сұраққа жауап жоқ. Дегенмен оның 3-бабында рұқсат беру тәртібі мен мерзімі Қазақстан заңнамасымен анықталынады делінген.

Екінші. Соңғы жылдары фрилансер сияқты жұмыс түрі кеңінен дамуда, яғни адамдар онлайн режимде болып, келген еліне байланып қалмай және үйден шықпай жұмыс істей береді. Фрилансер осы келісімнің аясына жатады ма? Рақмет.

ВАСИЛЕНКО Р.Ю. Рақмет. Рұқсат болса, орысша жауап берейін.

Действительно, это соглашение предусматривает его ратификацию, однако оно не предусматривает внесения каких-либо изменений в законы Республики Казахстан, потому что такое внесение изменений потребуется лишь в тех случаях, когда это предусмотрено в самом договоре. В этом соглашении такого положения нет, соответственно, внесения изменений в национальное законодательство не потребуется.

Что касается второго вопроса по поводу фрилансеров. В данном соглашении предусматривается пункт о том, что оплачиваемая трудовая деятельность включает любую зависимую или независимую трудовую деятельность, приносящую доход на

территории страны пребывания. Соответственно, для казахстанских дипломатов – на территории Швейцарии, для швейцарских дипломатов – на территории Казахстана. Если эта работа в качестве фрилансера приносит доход на территории Швейцарии и связана с работой на ту или иную швейцарскую компанию, то это соглашение распространяется на эту деятельность. Если же человек занимается дистанционной работой на структуру из любой третьей страны или же работает на казахстанскую компанию, то это соглашение на такую деятельность не распространяется.

ТӨРАҒА. Спасибо, Роман Юрьевич, присаживайтесь.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қаралып отырған заң жобасы екі мемлекет арасында дипломатиялық миссия қызметкерлері отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметін жүзеге асыруға байланысты мәселелерді реттейді.

2012 жылы Швейцария тарапынан осы келісімді эзирлеу және рәсімдеу туралы ұсыныс көтерілген.

Бұл тәжірибе Қазақстан үшін шет мемлекеттермен рәсімделетін алғашқы келісімдердің бірі болып табылады.

Келісімде отбасы мүшелеріне ақылы еңбек қызметімен айналысуға рұқсат алу, сұрау салуды рәсімдеу тәртібі, іс-әрекетін тоқтату шарттары айқындалған, азаматтық, әкімшілік артықшылықтар мен қылмыстық жауаптылықтан иммунитет мәселелері қарастырылған.

1999 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасында табыс пен капиталға салынатын салықтарға қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға сәйкес қабылдаушы мемлекетте салық салынатын болады.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан Республикасының Елшілігі, Біріккен Ұлттар Ұйымының еуропалық бөлімшесі және Дүниежүзілік сауда ұйымы жанындағы тұрақты өкілдіктеріміз Швейцария мемлекетінде орналасқан, яғни аталған келісімді қабылдау арқылы біз шет мемлекетте Қазақстан азаматтарын жұмыспен қамтимыз. Өз кезегінде республикамызда Швейцарияның елшілігі және бас консулдығы жұмыс істейді. Сол елдің азаматтары өздері атқаратын жұмыстан тікелей пайда табуға, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар квотадан тыс жұмыс күшін тарту тәртібі де қарастырылған.

Құрметті депутаттар, Сенаттың тұрақты комитеттері мен Сенат Аппаратының Заңнама бөлімі оң қорытындыларын берді, «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның талаптарына сәйкес рәсімделді.

Осы заң жобасын мақұлдауды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалиасқар Төлендіұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, бұл талқыланып жатқан келісім еліміздің Швейцария Федералдық Кеңесімен дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметіне қол жеткізуге және ақы төлеуге байланысты мәселерді құқықтық реттеуге бағытталған. Сондықтан мен бұл заң жобасын қолдаймын.

Жалпы, заң жобасы екі елдің дипломаттарының отбасы мүшелеріне жергілікті жерде еңбек етуге, сондай-ақ сол мемлекеттің әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне тіркелуге мүмкіндік береді, қолайлы жағдай жасайды.

Келісім екі ел арасындағы дипломатиялық, достық қарым- қатынастарды одан әрі нығайтуға ықпал ететін ескере келе, сіздерден бұл заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову. Позвольте огласить основные положения депутатского запроса.

«Уважаемый Алихан Асханович! Построение Справедливого Казахстана, основанного на принципе верховенства права, требует кардинального изменения не только отдельных норм и отраслей законодательства, но и самого подхода к формированию действующего права. Законотворческая деятельность должна быть нацелена на результат – создание эффективных, действенных законов, образующих правовую основу всего государства, в конечном счете направленный на основную цель, определенную Главой государства, – повышение благосостояния казахстанского общества.

Анализ законопроектов, поступающих в текущем году, указывает на продолжающиеся проблемы в законотворческой деятельности Правительства. Депутаты в ходе своей работы сталкиваются с проблемами законотворчества, которые носят

системный и содержательный характер. Законопроекты зачастую вносятся в Парламент без соответствующих прогнозов, расчетов последствий принятия и исполнения законов, без проектов подзаконных актов.

Эти проблемы в сфере законотворчества и существующая законотворческая практика ставят вопрос о качестве, эффективности мер по реализации политики, определенной Главой государства.

Хотел бы отметить основные проблемы существующей законотворческой деятельности.

Во-первых, Глава государства неоднократно обращал внимание Правительства на решение проблем обеспечения баланса между уровнями правовой регламентации, отказа от детализированных норм законов, которые могли бы стать компетенцией исполнительных органов. Президент указывал, что все это отражается на скорости принятия решений, становится угрозой национальной безопасности.

Вместе с тем мы наблюдаем в законопроектах, поступающих в Парламент, полномочия государственных органов постоянно расширяются путем добавления компетенций, функций. Например, если в действующем Законе «О геодезии и картографии» за уполномоченным органом закреплено 16 функций, то поступивший в Сенат законопроект содержит в два раза больше – 33 функции. И подобная ситуация наблюдается по многим другим законопроектам.

Основная цель этих норм – расширить или сохранить чиновничий аппарат, хотя это прямо противоречит поручению Президента по сокращению государственных служащих.

Во-вторых, большое число конкретизированных норм и введение новых технических понятий ведет к нестабильности законодательства.

Депутатам предлагают закрепить в ряде законопроектов новые основные понятия, такие термины, как «датум», «квасигеоид» или даже «самосвал», «восприимчивый организм». Все это размывает содержание законодательного акта, ценность правовых норм, ведет к увеличению объема и в конечном счете к правовому хаосу. При таких обстоятельствах трудновыполнимой становится поставленная Президентом задача – обеспечить верховенство закона.

В-третьих, нынешний этап законодательной деятельности государства свидетельствует об отсутствии решения проблем так называемых национальных, государственных или единых операторов.

Президент страны неоднократно поднимал эту проблему перед Правительством. Было поручено провести анализ целесообразности продолжения деятельности подобных структур, наложен мораторий на создание таких операторов. Несмотря на такие четкие поручения Главы государства, мы видим, что в подведомственных организациях количество операторов не сокращается, а напротив, во вносимых законопроектах предусматривается создание новых операторов или расширяется функционал уже существующих. У нас сегодня во всех сферах – от просторов космоса до глубин недр, в каждой отрасли – от обороны до образования, в кинематографии действуют организации, являющиеся национальными операторами если не по названию, то по сути.

Наличие всех этих операторов ставит вопрос об их недешевом содержании. При этом государственные органы пытаются решить его на законодательном уровне путем

введения различных платежей, установленных законами, типа туристических взносов, инфраструктурных сборов в авиации и так далее, пытаюсь переложить содержание этого ненужного звена на плечи населения.

С учетом изложенного прошу Правительство Республики Казахстан ответить на следующие вопросы.

Первый вопрос. Планируется ли Правительством подготовка изменений в Концепцию правовой политики в связи с осуществляемой в Казахстане конституционной реформой?

Второй вопрос. Как реализуется Правительством работа по совершенствованию законотворческого процесса, в том числе по изменению подходов к планированию законотворческой деятельности и созданию равных условий для реализации законодательных инициатив Правительства и депутатов?

Третий вопрос. Исполнено ли поручение Президента о сокращении бюрократизации в государственном аппарате и проведении ревизии законодательных актов на предмет излишней (чрезмерной) законодательной регламентации норм, которые в целях оперативности должны определяться в подзаконных нормативных правовых актах?

Четвертый вопрос. На какой стадии находится исполнение поручение Главы государства о регламентации института единых операторов? Составлен ли Правительством единый реестр таких организаций? Дано ли законодательное определение таких государственных операторов? Насколько сократился этот перечень за два года? Имеется ли нормативный правовой акт о запрете на их создание?

О результатах рассмотрения депутатского запроса прошу дать письменный ответ в установленном законом порядке.

С уважением, депутат Сената Сафинов». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Мемлекет басшысы Маңғыстау және Атырау облыстарында жұмыс сапарымен болған кезде арнайы экономикалық аймақтардың ел экономикасындағы маңыздылығы туралы және кейбір жекелеген мәселелерді атап өтті.

Қаржы және бюджет комитеті ағымдағы жылдың 28 қазанында Атырау және 29 қазанда Ақтау қалаларында мемлекеттік органдардың басшыларымен және бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесулер өткізді. Онда проблемалар және олардың шешу жолдары қаралды, сондай-ақ аймақтардың қызметін жақсарту бойынша заңнамалық қамтамасыз ету және бюджеттік қаржыландыруды талап ететін ұсыныстар айтылды.

Так, на основании анализа материалов, представленных государственными органами и бизнес-сообществом, а также по результатам проведенных встреч комитетом предлагается рассмотреть следующие вопросы.

По СЭЗ «Национальный индустриальный нефтехимический технопарк»:

- 1) обеспечение инфраструктурой участков «Ароматика» (проектов второй очереди), малого и среднего бизнеса, «Технопарк»;
- 2) строительство газопровода-отвода от магистрального газопровода «Макад – Северный Кавказ», включая автоматизированную газораспределительную станцию;
- 3) предоставление услуг по принципу «одного окна» для определения единого оператора по управлению объектами инфраструктуры;
- 4) вопрос специального правового режима СЭЗ для предоставления услуг участникам СЭЗ путем прямого заключения договора с управляющей компанией в целях ускоренного рассмотрения проектов;
- 5) привлечение частного капитала и инвестиций в строительство зданий в рамках механизма ГЧП либо в качестве приоритетного вида деятельности СЭЗ;
- 6) расширение участка автотрассы «Атырау – Доссор»;
- 7) организация таможенного поста на территории склада готовой продукции КРІ, а также ряд вопросов по совершенствованию законодательства Республики Казахстан.

По СЭЗ «Морпорт Актау»:

- 1) продление срока функционирования СЭЗ «Морпорт Актау» для действующих и будущих участников СЭЗ;
- 2) строительство объектов инфраструктуры субзон №2, №4, №5, №6;
- 3) развитие текстильной отрасли на территории СЭЗ;
- 4) расширение территории СЭЗ путем включения территории АО «НК «Актауский морской торговый порт», грузовой район «Баутино» и ТОО «Порт Курык»;
- 5) решение вопросов по обеспечению газо- и водоснабжением;

Кроме того, рассмотреть вопросы предоставления возможности выкупа земельного участка участниками СЭЗ после достижения мощности производства.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу арнайы экономикалық аймақтарды тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді, сондай-ақ жаңа инвесторларды тартуға ықпал етеді деп санаймыз.

Құрметпен Қаржы және бюджет комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады», – деген болатын.

Бүгінгі күні елімізде дене шынықтыру және спортпен 6,5 миллион адам айналысады немесе тұрғындардың 34,3 пайызын құрайды. Ал бұл көрсеткіш Дания,

Норвегия, Швейцария, Германия мемлекеттерінде 60-65 пайызды құраса, Финляндияда 80 пайызға жеткен.

1 қарашада Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын іске асыру мақсатында әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін әскерде қайтарымсыз шығындардың алдын алу және оларды жою туралы» тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар әскерге шақырылатын азаматтардың денсаулықтарына алаңдаушылық білдірді. Былтыр әскерге шақырту алған 80 мыңнан астам азаматтың 10 пайызының денсаулығы әскери борышын өтеуге жарамаған.

Бүгінгі күні әлеуметтік салаға триллиондаған қаржы бөлінуде. Ал бөлінген қаражат халқымыздың тұрмыс деңгейін қаншалықты көтерді? Ауруларды болдырмау, алдын алу, сауықтыру, азайту бойынша не істеуіміз қажет?

Осы сұрақтардың түйінді шешімі: халқымыз дене шынықтырумен, оның ішінде жаппай бұқаралық спорт түрлерімен айналысуы қажет.

Дана халқымыз: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», – деген болатын.

Болашағын ойлаған мемлекеттерде азаматтардың спортпен қанша жастан бастап айналысуына рұқсат етілетіні туралы шектеулер қабылданған. Бұл талаптар спортшының жалпы дене дайындығының жақсы жетілуіне, жарақаттың аз және спорттық нәтижесінің үздік болуына әсер еткен. Мысалы, Олимпиада чемпиондары Жақсылық Үшкемпіров күреспен, Валерий Рязанцев бокспен шұғылдануды 18 жасында, Олимпиаданың күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдәбеков 17 жасында, Бекзат Саттарханов 15 жасында бастаған.

Өкінішке қарай, жаттықтырушылар балаларды ерте жастан бастап спортқа тарту тенденциясын қалыптастырды. Тіпті қазіргі кезде елімізде белгіленген жас ерекшеліктері мүлдем сақталмай отыр.

Жарыстарда кейбір әділетсіз төрешілердің кесірінен талантты жастарымыздың сағы сынып, спортпен қоштасуда.

Тағы бір ескеретін жағдай, балалар мен жасөспірімдердің жылына қанша жарысқа қатысуына болатынын реттейтін нормалар болған. Қазіргі уақытта мұндай нормалар елімізде қабылданбаған. Осындай жағдайлар федерациялардың өз бетімен ашылып, жұмыс істеп жатқандығының әсері.

Елімізде біз білетін тек қана каратэден 22, таэквондодан 6, аралас жекпе-жекпен 4 республикалық федерация бар.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының кейбір нормаларының жетілмегендігі, Халықаралық олимпиада комитеті тарапынан қолдау көрсетілмеген спорт түрлеріне Ұлттық олимпиада комитетінің тану сертификатын таратуы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі бекіткен «Спорт федерацияларын аккредитациялау туралы» ережеде жергілікті федерацияның республикалық федерацияға мүше болмауынан бұл салада кемшіліктер өріс алуда.

Оның сыртында мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды іске асыру, «ArtSport» платформасын және оның аналогтарын мемлекеттік деректер базасымен сапалы интеграциялау, ваучерлер беру, спорттық үй-жайларға қойылатын талаптарды қатаңдату бойынша толық жұмыстар атқарылмаған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып төмендегі іс-шаралардың орындалуын дұрыс деп санаймыз.

Бірінші. Мемлекетімізде спортпен шұғылдануға белгіленген жас ерекшелігі ғылыми тұрғыдан сараланып, қайта бекітіліп, оқу-жаттығу әдістемелік құралдары әзірленіп, федерациялар тарапынан қатаң бақылауға алынуы тиіс.

Екінші. Елімізде тек Халықаралық олимпиада комитеті тарапынан танылған халықаралық федерация мүшесі болып табылатын республикалық федерациялар аккредитациядан өту керек, жергілікті спорт федерациялары міндетті түрде республикалық федерацияның мүшесі болуы қажет.

Үшінші. Кәсіби спорт клубтарын, жаттықтырушылар мен төрешілерді федерацияларда тіркеуден өткізіп, іс-әрекеттерін лицензиялауды қамтамасыз ету қажет.

Төртінші. «ArtSport» платформасын және оның аналогтарын мемлекеттік деректер базасымен сапалы интеграциялауды аяқтап, нәтижесіне мониторинг жүргізу қажет.

Бесінші. Білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында спорт федерацияларының рөлі күшейтіліп, бұқаралық спорт түрлері бойынша лига жарыстарын дәстүрлі түрде ұйымдастыруды қолға алған жөн.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, Т. Мұсабаев, Д. Нұржігітова, С. Дүйсембинов, А.Толамисов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлына беріледі.

БАЙАХМЕТОВ Б.К. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылғы 19 қыркүйектегі Шығыс Қазақстан облысында және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі Абай облысында берілген тапсырмаларына сәйкес құны 61,4 миллиард теңге құрайтын Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір өткелінің құрылысы және Семей қаласында құны 32 миллиард теңге құрайтын Ертіс өзені арқылы өтетін жаңа көпір құрылысының жұмыстары жүзеге асырылуда.

2020 – 2021 жылдары аралығында Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір өткелін салу мақсатында бюджеттен 3,95 миллиард теңге қаражат бөлінді. Ағымдағы жылға 10,2 миллиард теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 10 миллиард теңге, жергілікті бюджеттен 200 миллион теңге бөлінді. Нәтижесінде жоба басталғаннан бері қаржыландырудың нақты көлемі 14,2 миллиард теңге немесе жалпы құнының 23 пайызын құрап отыр.

Жобаны бұдан әрі іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне 2023 жылы 20 миллиард теңге сомасында қаражат

бөлу үшін бюджеттік өтінім енгізілді, бірақ республикалық бюджет жобасында тек 2 миллиард теңге ескерілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын уақытылы әрі сапалы орындау үшін республикалық бюджеттен 2023 жылы 20 миллиард теңге сомасында, ал 2024 жылы Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір өткелін салуға 21,8 миллиард теңге сомасында қаражат бөліну қажет.

Ағымдағы жылы Семей қаласында Ертіс өзені арқылы өтетін көпір салу жұмыстары басталды. Көпір құрылысының жалпы ұзындығы 1 мың 350 метр, оның ішінде автожолдардың ұзындығы 540 метр.

Ағымдағы жылы жұмыстар басталғалы Ұлттық қордан 1 миллиард теңге, облыстық бюджеттен 10 миллион теңге бөлінген. Құрылыс жұмыс жүргізу кестесіне сәйкес жүргізілуде.

«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында объектіні қаржыландыру аясында 2023 жылы 500 миллион теңге және 2024 жылы 1,5 миллиард теңге көлемінде қаражат бөліну көзделіп отыр, бұл 9,3 пайызды құрайды.

Бұл жағдай Мемлекет басшысының тапсырмасының мерзімінде орындалмауына және сәйкесінше жобаның қымбаттауына алып келеді.

Іске асыру мерзімі бойынша жоба 2025 жылға дейін аяқталуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес сізден республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде аталған жобаны 2023 жылы 15 миллиард теңге, сондай-ақ 2024 жылы 17 миллиард теңге көлемінде қаржыландыруға ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес осы депутаттық сауалға заңда көзделген мерзімде қарау жөнінде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Б. Байахметов, Д. Мусин, О. Булавкина, А. Арғынбекова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 17 қараша

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жекеше секторға және экономиканы неғұрлым орнықты қалпына келтіруге негізделген даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о займе (Заем на финансирование политики развития, основанное на частном секторе, и более устойчивое восстановление экономики) между Республикой Казахстан и Международным Банком Реконструкции и Развития», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. 2

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 4

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ШЕЛПЕКОВ Б.А. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Швейцарским Федеральным Советом об оплачиваемой трудовой деятельности членов семей сотрудников дипломатических

представительств, постоянных представительств при международных организациях и консульских учреждений», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Р.Ю. ВАСИЛЕНКОНЫҢ баяндамасы

Доклад заместителя Министра иностранных дел Республики Казахстан
ВАСИЛЕНКО Р.Ю. 6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НУХҰЛЫ А. 7

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности САРЫБАЕВА Г.Т. 8

Сөз сөйлеген:

Выступила:

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. 9

Депутат Қ.Б. САФИНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САФИНОВА К.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 9

Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ДҮЙСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Г.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 12

Депутат Б.К. БАЙАХМЕТОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАЙАХМЕТОВА Б.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 14

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

Стенографиялау қызметінің басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева